

**Аманкелді ауылдық округі бойынша
жергілікті қоғамдастық
жиналысының хаттамасы.**

**Ленин ауылы
ауылдық Мәдениет үйі
Қатысқандар – 16 адам**

**2024 ж. 16 шілде
уақыты 11-00 сағат**

Жиналысты Аманкелді ауылдық округінің әкімі Шарманова ашты Алмагүл Сейсенбайқызы:
Құрметті жиналыс мүшелері!

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын іске асыру мақсатында бүгін Аманкелді ауылдық округі тұрғындарының жиналысы өткізілуде.

Жиынға жергілікті қоғамдастық мүшелері шақырылды. Төрағаны таңдау қажет.

Қандай ұсыныстар болады?

Басқа ұсыныстар? Жоқ.

Дауыс беруіңізді сұраймын.

Абигүзін А.А.: Шарманова Алмагүл Сейсенбайқызын төраға етіп сайлауды ұсынамын.

Ауылдық округ әкімі: Тағы да ұсыныстар бар ма?

Егер жоқ болса, ұсынылған кандидатураға дауыс беруді ұсынамын.

Кім қолдайды?

Бір ауыздан.

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар жоқ.

Қабылданады.

Ауылдық округ әкімі: Хаттаманы жүргізу үшін жиналыстың хатшысы Каменчук Светлана Александровна сайлауды ұсынамын.

Басқа ұсыныстар бола ма?

Басқа ұсыныстар? Жоқ.

Дауыс беруіңізді сұраймын.

Егер жоқ болса, ұсынылған кандидатураға дауыс беруді ұсынамын.

Кім қолдайды?

Бір ауыздан.

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар жоқ.

Қабылданады.

Құрметті жиналысқа қатысушылар!

«Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 23 маусымдағы № 122 бұйрығына сәйкес жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Жиналыстың күн тәртібінде мынадай мәселе қаралады: «Ертіс аудандық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 48-14-8» Ертіс ауданының ауыл және ауылдық округтерінің 2024 - 2026 жылдарға арналған бюджеті туралы «шешіміне өзгерістер енгізу туралы», оның ішінде Аманкелді ауылдық округінің бюджеті. Жиналыстың күн тәртібіне дауыс беруіңізді сұраймын.

Кім қолдайды?

Бір ауыздан.

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар жоқ.

Қабылданады.

Жиналыс төрағасы: Жиналыстың күн тәртібі бекітіледі.

Құрметті жиналысқа қатысушылар!

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Аманкелді ауылдық округінің бюджетін нақтылау жүргізіледі.

Аманкелді а/о бюджетін нақтылау көздері 3994,0 мың теңге сомасында жоспардан тыс түскен салықтар болып табылады.

Бұл соманы Аманкелді ауылында 6 күштік тренажер мен спорттық жабдық орнату арқылы сатып алуға, сондай-ақ 2024 жылғы көктемгі су тасқыны кезінде жарамсыз болып қалған бөгетті нығайтуға жұмсауды ұсынамыз. Тиісінше «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бағдарламасы бойынша бюджеттің шығыс бөлігі 3994,0 мың теңгеге ұлғайтылсын.

Заңды тұлғалардан көлік салығы бойынша 307,0 мың теңге КБК 104401 жеке тұлғалардан көлік салығы жоспарынан тыс түскен КБК 104402 есебінен, салықтың осы түрі бойынша төлеушілердің болмауына байланысты азайтылсын.

Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Аманкелді ауылдық округінің 2024 жылға арналған бюджетін келісуді сұраймын.

1) кірістер - 43489 мың теңге, оның ішінде:

салық түсімдері - 13472 мың теңге;

трансферттер түсімдері - 30017 мың теңге;

2) шығындар - 44763 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредит беру - нөлге тең;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - нөлге тең;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -1274 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 1274 мың теңге;

Жиналыс төрағасы:

Баяндамашыға сұрақтар қойыла ма?

Сұрақ жоқ.

Құрметті жиналысқа қатысушылар!

Аманкелді округінің бюджетін келісілген деп есептеуді сұраймын.

Кім қолдайды?

Бір ауыздан.

Қарсы - жоқ

Қалыс қалғандар жоқ.

Жиналыстың күн тәртібі аяқталды.

Жиналыс өткізу бойынша қандай ескертулер, ұсыныстар болады?

Ескертулер, ұсыныстар жоқ.

Жиналысты жабық деп есептеуге рұқсат етіңіз. Қатысқаныңыз үшін рахмет. Сау болыңыз.

Жиналыс төрағасы



Шарманова А.С

Жиналыс хатшысы



Каменчук С.А

Приложение
к протоколу
от «16» июля 2024 года

Косымпа
хаттамаға
«16» шілде 2024 жыл

№ п/п	ФИО	Подписи
1	Шарманова Алмагуль Сейсенбаевна	Шарманова
2	Копбаев Хаиргельды Нургазанович	Копбаев
3	Карыбаев Куаныш Каиржанович	Карыбаев
4	Чуденкова Наталья Фадеевна	Чуденкова
5	Абитузин Асимбай Аркашевич	Абитузин
6	Закарии Талгат Шаихович	Закарии
7	Жуманов Шарип Бейсембаевич	Жуманов
8	Мухтаров Олжабай Мубараквич	Мухтаров
9	Муксунов Жусуп Каиргельдинович	Муксунов
10	Баймышев Рустем Алжаргельдинович	Баймышев
11	Бекбулатов Ерлан Туреханович	Бекбулатов
12	Темиртасова Батима Султангазыевна	Темиртасова
13	Козлова Галина Ивановна	Козлова
14	Арынов Дуйсенгали Кайкенович	Арынов
15	Есмагамбетов Нурбек Кайратович	Есмагамбетов
16	Маналов Даир Шегирович	Маналов